

SD02209 – Шығыстану білім бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған Ибраимова Анар Ратаевнаның «Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Айманкүл Алдаштын

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасындағы ғылымды дамытудың бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларда көрсетілген міндеттерге сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеу жұмысы «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы) «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру» максатына қол жеткізуге және «Ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ету» міндетінің шешімін табуға тікелей бағытталған. Сонымен қатар қорғауға ұсынылып отырған жұмыс «Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы) іске асырудың «мәдениеттің барлық бағыттарын дамытудың жүйелілігі мен кешенділігі» және «мәдениеттің үдемелі дамуының тарихи сабақтастығы мен үздіксіздігі» деп аталатын қағидаттарын басшылыққа алады. Бұл тұжырымдамада аталғандай, «қазақстандық материалдық емес мәдени мұра элементтерін танымал етуге және олардың адамзаттың дүниежүзілік рухани мұрасы деңгейіне шығуына, ұлттық менталитет пен бірегейлікті сақтауға ықпал ететін болады».
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама	3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының 4. «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді. Аталған ғылыми-техниклық саланың «Аксиологиялық зерттеулер және этика» бағытындағы маңызды нәтижелерінің бірі ретінде зерттеу «қазіргі заманғы гуманитарлық зерттеулер саласында дүниетанымдық және рухани құндылықтарды жан-жақты бағалаудың маңызыдылығын» дәйектейді. Диссертация Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасында орнаған дипломатиялық, мәдени және ғылыми байланыстардың нығайуына қызмет ететін мәдениетаралық коммуникация мәселесіне арналған. Зерттеу қазіргі гуманитарлық ғылымдардың трансформациясы кезеңіндегі өзекті трендтермен, нақты айтқанда, ұлттар арасындағы тілдік-мәдени өзара

		аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	әрекеттестікті зерделеумен тікелей байланысты. Бұл тақырып «Ұлттың зияткерлік әлеуетін нығайту», «Ұлттық кодты сақтау» сияқты стратегиялық бағыттарға толықтай сәйкес келеді. Сонымен қатар диссертациялық зерттеу ұлттық тілтанымның лингвомәдениеттану, этнолингвистика және салыстырмалы-типологиялық тіл білімі бағыттарындағы ізденістерге жанаша серпін береді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қорғауға ұсынылып отырған жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады және зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы диссертацияда толық ашылған. Зерттеу жұмысы лингвистика ғылымының заманауи бағыттары аясындағы маңызды ғылыми мәселеге арналған. Қазақ және қытай тілдеріндегі сөйлеу этикет нормаларын лингвомәдени аспектіде салыстыра қарастыру – қазіргі жаһандану мен мәдениетаралық коммуникация үдерістері жағдайында ерекше ғылыми маңызға ие. Зерттеу нысанасының тандалуы мен оны талдау тәсілдері ғылымдағы пәнаралық бағытты дамытуға ықпал етеді. Диссертациялық жұмыста екі түрлі типологиялық жүйедегі тілдердің (алтай және сино-тибет тілдері) мәдени-тілдік феномендері мен олардың этикет формулалары ұлттық дүниетаныммен сабақтастырыла зерделенген. Сөйлеу этикетінің құрылымдық, прагматикалық және мағыналық ерекшеліктері нақты тілдік деректер негізінде сипатталған, бұл зерттеудің нәтижелерін лингвомәдениеттану, этнолингвистика және прагмалингвистика салаларындағы ғылыми пайымдауларды толықтыратын материал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы зерттеу нысанасының жаңалығымен, қолданыстағы әдіснамалық тәсілдердің кешенді пайдаланылуымен және алынған нәтижелердің теориялық-қолданбалы әлеуетімен айқындалады. Диссертацияда алынған ғылыми тұжырымдар тіл мен мәдениеттің өзара байланысын сипаттайтын жаңа мазмұндық бағыттарды ұсына отырып, гуманитарлық ғылымдардың аясын кеңейтетін кейінгі зерттеулерге негіз бола алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу принципі бойынша ізденушінің диссертацияны жазу сапасы «жоғары» деп бағаланады. Диссертант академиялық жазылым талаптарын сақтаған және ғылыми мәтіннің стильдік мүмкіндіктерін терең меңгерген. Мәтіндегі дәйектемелер жүйелі әрі логикалық байланысқа ие, ізденуші белгілі бір көзқарастарды қайталамай, оларды талдап, өзіндік қорытындылар жасаған, тұжырымдарды беруде логикалық тұтастық сақталған. Жұмыстың бағытына сәйкес ғылыми терминологиялық қорды қолдануы,

			зерттеу әдістері мен деректерді интерпретациялау тәсілдері «жоғары» деңгейде ұсынылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Тақырыптың өзектілігі жұмыстың ғылыми аппаратында және мазмұнындық тарауларында толыққанды әрі жан-жақты негізделген. Жаһандану және глокализация үдерістерінің қатар жүруі нәтижесінде әлем халықтарының мәдениеттері мен тілдері бұрынғыдан да тығыз байланысқа түсіп отырған бүгінгі таңда мәдениетаралық коммуникация мәселесі ерекше маңызға ие. Диссертацияда сөйлеу этикетінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері тек тілдік құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар этностың когнитивтік дүниетанымының көрсеткіші ретінде қарастырылған. Автор қазақ және қытай халықтарының этикет жүйесін салыстыра отырып, ұлттық сана, ұрпақаралық сабақтастық, салт-дәстүр және дүниетанымдық бағдарлар тұрғысынан ерекшеленетін, бірақ кейбір әмбебаптық сипаттарда тоғысатын тұстарды дәлелдермен айғақтаған. Этикет нормаларының бұзылуы немесе бейтарап қолданылуы халықаралық қатынастарда түсініспеушілік пен мәдени қақтығыстарға алып келуі мүмкін екені нақты мысалдармен (іскерлік, отбасылық, қонақ күту және әлеуметтік желідегі этикет) көрсетілген. Бұл – тек тіл білімі емес, жалпы мәдениеттану мен антропология ғылымдары үшін де өзекті бағыт. Зерттеуде қарастырылған тақырып Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстардың күшеюі жағдайында ерекше маңызға ие. Екі халық арасындағы өзара түсіністікті қалыптастыруда сөйлеу әдебі мен этикет нормаларын лингвомәдени аспектіде зерделеу – заманауи тіл біліміндегі өзекті міндеттердің бірі. Зерттеудің өзектілігі қазақ және қытай халықтарының этикет нормаларын алғаш рет кең көлемде салыстырмалы-типологиялық аспектіде қарастыру арқылы да дәлелденген. Бұған дейін екі халықтың сөйлеу этикеті жеке-жеке зерттелгенімен, олардың лингвомәдени ерекшеліктерін жүйелі түрде салыстыра отырып зерттеу қазақ тіл білімінде болмаған. Сонымен қатар зерттеудің нәтижелері ұлттық мәдени кодтың сақталуын қамтамасыз ету, мәдениетаралық диалогты тиімді ұйымдастыру, көптілділік жағдайындағы сөйлеу стратегияларын дұрыс меңгеру мәселелерімен де тығыз байланысты.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін, логикалық реттілікпен жүйеленген бөлімдерден тұрады. Әрбір тараушада ұсынылған талдаулар мен тұжырымдар және зерттеудің әдістері диссертацияның тақырыбын толық ашады. Ізденуші зерттеу нысанасы ретінде таңдалған сөйлеу этикетінің ғылыми негіздерін қалыптастыратын теориялық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, этикеттің

		лингвистикалық және мәдени-тарихи сипатын егжей-тегжейлі ашады. Жұмыста казак және кытай мәдениетіндегі этикеттік нормалардың тарихи тамыры, философиялық түсініктер (Конфуций, Әл-Фараби, Абай) және этикалық ұстанымдар салыстырыла талданған. Мәселен, Конфуцийдің «礼立于敬而源于祭» (рәсім құрметке негізделген және құрбандықтан бастау алады) қағидасы мен казак халқының «өлі риза болмай, тірі байымайды» деген мақал-мәтелі салыстыра берілген. Бұл салыстыру – екі этностың дүниетанымын, мәдени негіздерін және этикет нормаларының философиялық астарын ашатын лингвомәдени талдау үлгісі. Диссертацияда этикет нормаларының тек тілдік емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік, философиялық негіздеріне тоқталады. Айталық, Конфуций іліміндегі бес адамгершілік қағиданың (仁 – мейірім, 义 – әділет, 礼 – рәсім, 智 – парасат, 信 – сенім) сөйлеу мәдениетіне ықпалы мен казак халқының «иман», «әдеп», «жаксы сөз – жарым ырыс» секілді ұстанымдары арқылы қалыптасқан сыпайылық нормалары салыстырыла талданады. Этикет нормаларының әлеуметтік-мәдени мәнін дәйектейтін бұл салыстыру зерттеу тақырыбының мәдениетаралық лингвистикалық қырын айқындайды. Ізденуші зерттеуді тек жалпы деңгейде емес, жекелеген жағдаяттарға (іскерлік қатынас, тұрмыстық қатынас, қонақ күту, әлеуметтік желі тілі) бөліп қарастырады. Әр саланың ішінде нақты тілдік деректер келтірілген. Мәселен, казак тіліндегі іскерлік қарым-қатынаста жиі қолданылатын формулалар: «құрметті әріптес», «бастысы – өзара сенім», «ұсынысыңызды қуана қабылдаймыз» және кытай тіліндегі баламалары: 尊敬的领导 (құрметті басшы), 合作愉快 (ынтымақтастығымыз жемісті болсын), 请您考虑 (қарастыруыңызды сұраймыз) сияқты мысалдар салыстырылған. Бұндай талдаулар зерттеу тақырыбындағы тақырыптың нақты мазмұндық шекарасын белгілейді. Сонымен қатар ізденуші тарапынан ұлттық дүниетанымды көрсететін мақал-мәтелдер, олардың этикеттік мәні, мағыналық құрылымы және прагматикалық қызметін сипатталған. Қазак тіліндегі «Асыл сөз – ардың өлшемi», «Жақсы сөз – жан семiртедi» деген мақалдар мен кытай тіліндегі 良言一句三冬暖 (жылы сөз үш қысты жылытады), 礼多人不怪 (сыпайылық көптік етпейді) сияқты тұрақты тіркестердің контекстуалдық мағынасы мен әлеуметтік рөлі егжей-тегжейлі салыстырылған. Бұл мысалдар зерттеу нысанаының лингвомәдени компонентін дәйектеп, ұлттық болмысты тілдік құрал арқылы сипаттауға мүмкіндік береді. Тағы бір айта кететін жайт, диссертацияда этикет нормаларының уақытпен өзгеруі, әлеуметтік желі тілінде сыпайылық пен экспрессивтіліктің балансы туралы нақты мысалдар берілген. Диссертант казак және кытай тілдеріндегі сөйлеу этикетінің казіргі қолданысындағы өзгерістерді әлеуметтік
--	--	--

		желілердегі қарым-қатынас үлгілері арқылы сипаттайды. Мұнда әлеуметтік желі – этикет нормаларының трансформациялану алаңы ретінде алынған. Диссертациялық жұмыста қазақ және қытай халықтарының мақал-мәтелдері мен ұлы ойшылдары – Абай Құнанбайұлы мен Конфуцийдің этикалық ұстанымдары салыстырыла отырып, сөйлеу этикет нормаларының терең лингвомәдени және философиялық негізі сипатталады. Бұл салыстыру диссертация тақырыбын (лингвомәдени ерекшеліктер) жан-жақты ашып, екі ұлттың этикеттік танымындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды көрсетуге бағытталған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Белгіленген міндеттер зерттеудің мақсатына қол жеткізудің тиімді қадамдары ретінде бағаланады. Ізденуші зерттеу нысаны ретінде тандалған қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларына лингвомәдени талдау жүргізуді көздей отырып, осы мақсатты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін нақты және өзара сабақтас міндеттерді белгілеген. Бұл міндеттер зерттеу логикасының барлық кезеңдерін қамтиды: теориялық негіздеме, тілдік деректерді жинау және сипаттау, типологиясын айқындау, салыстырмалы талдау, лингвомәдени интерпретация және прагматикалық аспектідегі қолданыс ерекшеліктерін көрсету. Зерттеу мақсаты мен міндеттерінің бұл үйлесімі жұмыс құрылымының ішкі логикасын қамтамасыз етеді әрі ғылыми жаңалықтың тұғырын нығайтады. Сонымен қатар, олар диссертация барысында қолданылған әдіснамалық ұстанымдармен және алынған нәтижелермен өзара қабысып, зерттеудің теориялық және практикалық мәнін арттырып тұр. Осыған орай, жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді деп тұжырымдауға толық негіз бар.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан толық байланысқан. Зерттеу мазмұнын құрайтын тараулар мен тараушалардың ішкі бірлігі сақталған және өзара реттілігі біртұтас жүйе ретінде орналасқан. Теориялық бөлімде ұсынылған ұғымдық-терминологиялық база мен лингвомәдениеттанымдық пайымдар кейінгі тараулардағы нақты тілдік деректердің сипаттамасына әдістемелік негіз болады. Ал тілдік бірліктерге жүргізілген семантикалық, функционалдық, прагматикалық талдаулар өз кезегінде лингвомәдени интерпретациялармен ұштасып, жұмыстың ішкі құрылымын дәйекті жүйеге айналдырады. Бөлімдер арасында мазмұндық қайшылық немесе логикалық үзіліс байқалмайды; керісінше, әр тарауда алдыңғы тараудың қорытындылары ескеріліп, ғылыми ізденіс біртіндеп тереңдетіледі. Зерттеу деректерінің жүйеленуі, әдістемелік негіздің сақталуы, эмпирикалық және мәдени-философиялық интерпретациялардың табиғи тоғысуы — осы еңбектің құрылымдық жетілгенін көрсетеді.

			Диссертацияның барлық бөлімдері өзара мағыналық және әдістемелік тұрғыдан тығыз байланысқан. Жұмыстың құрылымы зерттеу міндеттеріне толық сай және ғылыми таным талаптарына сәйкес құрылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Ізденушінің тарапынан ұсынылған жаңа шешімдер теориялық тұжырымдармен және әдістемелік жүйемен дәлелденген, тақырыпқа байланысты бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылуын және бағалануы жеткілікті деп бағалауға болады. Зерттеу барысындағы жүргізілген талдаулар, ұсынылған тұжырымдар мен жасалған қорытындыларда сыни талдаулар бар. Диссертацияда қазіргі лингвомәдениеттану мен прагматлингвистиканың негізгі теориялық бағыттарына шолу жасалып қана қоймай, олар қазақ және қытай тілдік-мәдени кеңістігіндегі нақты этикет бірліктері арқылы салыстыра талданған, әрі сол салыстыру арқылы жаңа ғылыми пайымдар ұсынылған. Мәселен, сөйлеу этикетінің функционалдық және семантикалық типтері қазақ және қытай тілдерінде салыстырылып, құрмет білдіру формулаларының мәдени шарттылығы, иерархиялық құрылымға тәуелділігі жан-жақты қарастырылады. Мұндай салыстыру нәтижесінде қазақ мәдениетіне тән бейресми, бейтарап форма (мысалы: «Амансыз ба?», «Қал-жағдайыңыз қалай?») мен қытай тіліндегі формалды, ритуалды сәлемдесу (“您好”, “请多指教”) бірліктерінің прагматикалық ерекшелігі мен әлеуметтік рөлінің айырмашылығы сыни тұрғыдан бағаланады. Зерттеуде сөйлеу этикетінің цифрлық кеңістіктегі трансформациясы, яғни әлеуметтік желілердегі жаңа прагматикалық нормалардың қалыптасуы да бұрынғы этикет үлгілерімен салыстырыла зерттелген. Автор “比心” (жүрек қойдым, сезім білдірдім), “点赞” (лайк басты, ұнады) сияқты жаңа қытайлық формулалардың қазақ тіліндегі баламасы ретінде «ұнады», «лайк», «керемет айттыңыз», «қолдаймын» т.б. қолданыстарды сипаттай отырып, жаңа коммуникациялық парадигманың ерекшеліктерін көрсетеді. Ізденушінің осындай талдаулары дәстүрлі нормалар мен жаңа қолданыстардың тоғысуына ғылыми баға беруге мүмкіндік береді. Осымен байланысты, диссертант тілдік бірліктердің мәдени мазмұнын ашуда тек баяндау емес, сыни талдау мен салыстыруды негізгі құрал ретінде қолданған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;	Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар, тұтастай алғанда, «толығымен жаңа» деп бағаланады. Нақты айтқанда: – тіл біліміндегі этикет әдіснамасының мәдениетаралық коммуникация теориясы тұрғысынан талданып, жаңаша негізделуі – толығымен жаңа. Ізденуші этикетті тек тілдік норма ретінде емес, дүниенің концептуалдық және тілдік бейнесінің

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	тоғысында қарастырып, этикет нормаларын санадағы таным моделінің көрінісі ретінде сипаттайды. Бұл – теориялық жағынан маңызды жаңалық. Бұған дейін көп жағдайда тіл мен мәдениеттің арақатынасы этикетте біржақты қарастырылып келсе, бұл диссертациялық еңбекте екі бейненің (концептуалдық және тілдік) өзара себеп-салдарлық байланысының болмауы алғаш рет ғылыми-теориялық деңгейде дәлелденген; – тіл иеленушілерінің коммуникативтік ұтқырлығы мен мультилингвизм деңгейін этнолингвистика аспектісінде қазақ және қытай этикетін салыстыра отырып негіздеуі – толығымен жаңа. Тіл мен мәдениет байланысын прагматикалық, функционалдық, әрі мәдени-когнитивтік тұрғыда жаңаша пайымдау тіл білімінде бұрын-соңды нақты қазақ-қытай контекстінде зерттелмеген; – қазақ және қытай тіліндегі отбасылық, іскерлік және қонақжайлылық этикет нормаларын салыстыра отырып, тіл мен мәдениеттің өзара бағытын негіздеуі – толығымен жаңа. Тіл мен мәдениет байланысын тек біржақты емес, екі жақты ықпалдастықтың динамикалық үдеріс ретінде көрсетеді. Бұрын мәдениет тілге ықпал етеді деген концепция басым болса, бұл жұмыста тілдің де мәдениетке құрылымдық әсері бар екендігі жұмыста этнолингвистикалық материалдар негізінде жаңаша дәлелденген; – қарым-қатынастағы ресми/бейресми апелляция түрлерін көрсету арқылы диглоссия мен полиглоссия құбылыстарын этикет кеңістігінде сипаттауы – толығымен жаңа. Өйткені ізденуші этикет бірліктерін тек статикалық құрылым ретінде емес, әлеуметтік тілдік жүйелермен (диглоссия, полиглоссия) өзара әрекеттестікте қарастырып, коммуниканттар арасындағы әлеуметтік рөлдер, мәртебе, контекстке бейімделу сияқты күрделі прагматикалық факторларды сипаттайды. Мұндай әдіс – қытай тіл білімі мен қазақ тіл білімінде этикет саласында бұрын зерттелмеген бағыт. – қазақ мақал-мәтелдері мен қытай нақыл сөздерінің семантикалық құрылымы мен рәміздік мазмұнын салыстырмалы түрде талдауы – толығымен жаңа. Диссертант Екі мәдениеттегі тілдік даналықтың этикетке байланысты бейнесін ашу арқылы, ұлттық рухани ғалам бейнесін модельдеуге ұмтылған. Қытай нақыл сөздерінің дінде, өнерде, ғылымда, мифологияда қолданылуы және олардың рәміздік сипат алуы – терең семантикалық-когнитивтік талдауға негіз болған. Мұндай салыстырулар – лингвомәдени параллельдер тұрғысынан тың дерек көзі; – Абай мен Конфуцийдің этикеттік тілін салыстыра отырып, ұлттық руханияттың тілдік репрезентациясын жаңаша пайымдауы – толығымен жаңа. Ізденуші ұлы ойшылдардың сөйлеу этикетіне қатысты көзқарастарын лингвистикалық тұрғыда жүйелеп, олардың мәдени код пен моральдық нормалардың тілдік формулалар
--	--	---	--

			арқылы қалай сақталып, ұрпаққа қалай жеткізілетінін анықтайды. Бұл – вербальді мәдениеттің сабақтастығы мен ұлттық дүниетанымның тіл арқылы берілуін түсіндірудің тың әдісі.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары «толығымен жаңа» деп бағаланады. Диссертациялық жұмыста ұсынылған қорытындылар тек теоретикалық пайымдарға негізделіп қана қоймай, қазақ және қытай тілдерінің этномәдени негізіндегі этикет жүйесін салыстырмалы-типологиялық, прагмалингвистикалық, этнолингвистикалық және мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан алғаш рет кешенді сипатта тұжырымдаған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеуде ұсынылған барлық шешімдер «толығымен жаңа» болып саналады. Диссертациялық зерттеу мәдениетаралық коммуникация саласына қолданбалы-ұйымдастырушылық тұрғыда ықпал ететін ұсыныстарымен ерекшеленеді. Ізденушінің тілдік этикетті мәдени, әлеуметтік және цифрлық контексте қарастыру арқылы ұсынған кейбір тұжырымдары басқарушылық және білім беру жүйелерінде, халықаралық қатынас пен тіл үйрету әдістемесінде қолдану үшін пайдалы сипатқа ие. Әсіресе, әлеуметтік желідегі сөйлеу этикетінің трансформациясын талдауы қазіргі цифрлық коммуникациялық технологиялар кеңістігіндегі тілдік нормаларды сипаттауға бағытталған, бұл тілдік технологиялар мен әлеуметтік платформалардағы коммуникация стандарттарын дамыту үшін теориялық негіз бола алады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеудегі барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды, шынайы дәлелдемелермен негізделген. Қорытындылар зерттеу әдістерінің дұрыстығы, мәліметтердің сенімділігі және алынған нәтижелердің логикалық негізділігімен дәлелденген. Диссертациялық жұмыстың құрылымында теориялық пайымдар мен эмпирикалық мәліметтер өзара үйлесім табады. Әрбір қорытынды нақты тілдік деректерге, салыстырмалы талдауларға, мәдени-танымдық интерпретацияларға және лингвистикалық контексті терең пайымдауға сүйене отырып жасалған. Мысалы, қазақ және қытай тілдеріндегі этикет формулаларының (қонақ күту, отбасы, іскерлік қатынас) прагматикалық ерекшеліктерін айқындау барысында автор лингвомәдени элементтердің терең астарын ашып көрсетеді. Бұл қорытындылар тек жалаң сипатта берілмей, мәдениетаралық коммуникация теориясы, этнолингвистика, семантика және прагматика теориялары шеңберінде негізделеді. Сонымен қатар диссертант qualitative research әдістеріне тән сипаттарды ұстанады: контекстік түсінік беру, тіл иеленушілерінің мәдени кодтарын интерпретациялау, тандалған бірліктердің семантикалық өрісін ашу және дүниенің ұлттық тілдік бейнесін этномәдени тұтастықта

			талдау. Осы бағытта жасалған тұжырымдар мен қорытындылар сандық дәлелдермен емес, таңдамалы деректерді терең сапалы талдау арқылы алынған. Гуманитарлық ғылымдарға тән тәсілдер, атап айтқанда – мәдени рәміздерге, мифологиялық астарларға, философиялық дүниетанымға сүйеніп пайым жасау жұмыс қорытындыларының ғылыми және әдіснамалық негізін бекіте түседі. Мысалы, Абай мен Конфуцийдің этикалық-философиялық ілімдерінің салыстырмалы талдауы да тіл мен руханият сабақтастығын ашатын іргелі қорытындылардың бірі ретінде дәлелді негізделген. Зерттеу барысында ізденушінің ғылыми әдебиеттер мен алдыңғы зерттеулерге сүйенуі, сапалық зерттеу әдістерін қолдануы, эмпирикалық материалдарды жүйелі түрде талдауы, қорытындыларды зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкестендіруі және ғылыми дәлелдемелерге негіздеуі зерттеу тақырыбының ғылыми тұрғыдан ауқымдылығын көрсетеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ;	Диссертациялық жұмыста ізденуші тарапынан ұсынылған қағидаттар: 7.1 Зерттеудің мазмұндық бөлімдерінде толық дәлелденген. Диссертациядағы теориялық-әдіснамалық негізделемелер мен әдістемелік жүйе, сондай-ақ эмпирикалық талдаулардың шынайылығы еш күмән тудырмайды; 7.2 Тривиалды емес (жоқ), өйткені ұсынылып отырған зерттеуде казак және қытай тілдерінің этикет нормаларын салыстырмалы лингвомәдени аспектіде тұңғыш рет кешенді түрде қарастырылған. Бұл зерттеу тек екі халықтың тілінде бар сыпайылық формулаларын тізіп шығумен шектелмейді, керісінше, олардың астарындағы мәдени кодтарды, философиялық дүниетанымды, тіл иеленушілердің танымдық құрылымын, рәміздік құндылықтарын ашады. Мұндай көзқарастар мен интерпретациялар казак тіл білімінде бұрыннан орныкқан қағидалар қатарына жатпайды. 7.3 Толыққанды жаңа (иә). Зерттеудегі қағидаттардың жаңалығы зерттеу барысында мына аспектілерден анық байқалады, біріншіден, этикет нормаларының ұлттық дүниетаныммен байланысы алғаш рет екі түрлі тіл мен мәдениеттің деректерінде салыстырмалы түрде жүйеленген; екіншіден, сөйлеу этикетінің цифрлық кеңістіктегі трансформациясы — казак тіл біліміндегі жаңаша бағыттардың бірі; үшіншіден, Абай мен Конфуцийдің көзқарастары арқылы этикеттік тілдің ұлттық руханияттың айнасы ретінде пайымдалуы – жаңа идея; казак және қытай тіліндегі мақал-мәтелдер мен этикеттік формулалардың семантикалық-символдық интерпретациясы этнолингвистикалық негізде жаңаша сипатталады.

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.4. Қолданылу деңгейі ауқымды, кең. Зерттеу нәтижелері тек теориялық лингвистика шеңберінде ғана емес, мәдениетаралық қарым-қатынаста, лингводидактика, аударматану, цифрлық лингвистика, этнолингвистика, прагмалингвистика, қоғамдық дипломатия, тіл үйрету әдістемесі сияқты көптеген гуманитарлық және қолданбалы салаларға тікелей қатысы бар. Мұндай пәнаралық ықпалдастық зерттеудің аясын кеңейтеді. Диссертацияда қарастырылған қағидаттар мен қорытындылар білім беру жүйесінде, әсіресе шетел тілін оқытуда немесе қазақ және қытай тілдері негізінде мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуда практикалық қолданыс таба алады. Бұл қағидаттарды тіл үйрету бағдарламаларына, оқулық мазмұнына, кәсіби этика курстарына енгізуге болады. Сондай-ақ зерттеуде әлеуметтік желідегі коммуникация этикеті мен оның прагматикалық сипаты да талданған, бұл оның заманауи цифрлық коммуникация саласында да қолданылуына жол ашады. Мәселен, мультимәдени онлайн қарым-қатынастағы тілдік мінез-құлық нормаларын дамытуда ұсынылған қағидаттар үлкен көмек береді. 7.5. Зерттеу нәтижелері ізденушінің авторлығымен жарияланған 9 ғылыми мақалада дәлелденген (иә).
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ.	Иә. Зерттеудегі әдістеменің таңдалуы негізделген және диссертациялық жұмыстың әдіснамасы нақты жазылған. Жұмыстың теориялық және эмпирикалық бөлімдерін ұсыну үшін таңдалған зерттеу әдістері тақырыптың әдіснамалық мазмұнын ашуға толық мүмкіндік береді. Нақтырақ айтқанда, зерттеудің әдіснамалық сипаты тілтанымдық зерттеулерге, соның ішінде салыстырмалы-типологиялық бағытқа сәйкес келеді. Зерттеу нысаны мен пәнінің ерекшелігін ескере отырып, лингвомәдени, этнолингвистикалық, салыстырмалы-типологиялық, когнитивтік және прагмалингвистикалық әдістер ұтымды қолданылған. Нақты айтқанда, ізденуші а) этикет нормаларының ұлттық ерекшеліктерін алдау үшін лингвомәдениеттану мен этнолингвистика ұстанымдарына сүйеніп, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын анықтаған; ә) қазақ және қытай тіліндегі тілдік формулалар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсету үшін салыстырмалы-типологиялық тәсілді пайдаланған; б) цифрлық кеңістіктегі сыпайылық формаларының өзгерістерін зерттеу барысында прагматикалық және когнитивтік тәсілдерді қолданып, әлеуметтік-прагматикалық факторлармен сабақтастырған; в) рәміздік және мағыналық интерпретациялар үшін семантикалық өріс пен символдық мағына ұстанымдарды негіз еткен. Қолданылған әрбір зерттеу әдісі жұмыстың мақсат-міндеттеріне қолжеткізуді қамтамасыз еткен, ізденуші зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері

			арасындағы сабақтастықты сақтаған. Бұл зерттеу нәтижелерінің шынайылығын дәйектейді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Иә. Зерттеу жұмысының өзектілігі мен жанашылдығының бірі ретінде автордың қазіргі заманғы коммуникативтік кеңістіктегі өзгерістерге – әсіресе цифрлық дискурстағы этикет нормаларының трансформациясына ерекше назар аударуы атап өтуге тұрарлық. Диссертациялық жұмыста әлеуметтік желі мен онлайн-коммуникация жағдайында қалыптасқан жаңа этикет формалары қарастырылып, олардың ұлттық-мәдени контексте қалай бейімделіп, жаңаша қолданысқа ие болып жатқандығы сараланады. Атап айтқанда, “点赞” («лайктау»), “比心” («жүрекпен бөлісу», эмпатия білдіру) сияқты цифрлық этикет формалары дәстүрлі мәдени нормалардың ықпалымен қалайша өзгергені немесе толықтырылып отырғаны салыстырмалы түрде сипатталады. Бұл бірліктер заманауи медиа-коммуникацияда тілдің прагматикалық және рәміздік деңгейде қалай жұмыс істейтінін айқындауға сеп болады. Бұл деректер сапалық-аналитикалық әдістермен (яғни мағыналық интерпретация, прагматикалық талдау, семантикалық өріс аясында) қарастырылады. Автор әлеуметтік желідегі этикет бірліктерін лингвомәдени рәміздер, ұлттық дүниетаным, цифрлық кеңістіктегі сыпайылық кодтары тұрғысынан сипаттайды. Бұл – гуманитарлық ғылым аясында технологиялық феноменді тілдік және мәдени негізде зерделеудің сәтті мысалы. Мұндағы маңызды ерекшелік – зерттеудің қазіргі заманғы деректер негізінде жүргізілгендігі. Яғни, диссертант өз талдауында тек дәстүрлі тілдік материалдарға ғана емес, сандық коммуникация дәуіріне тән жаңа контенттерге (мессенджер тілі, әлеуметтік желілердегі реплика үлгілері, эмодзи арқылы сыпайылық көрсету, бейформал этикет) сүйенеді. Осы арқылы зерттеу тек дәстүрлі мәтіндерге емес, жаңа тілдік реалийлерге, ақпараттық қоғам феномендеріне де негізделіп отыр. Сонымен қатар, бұл бағыт қазіргі уақытта тілдік зерттеулердің цифрлық лингвистика, медиалингвистика, цифрлық прагматика сияқты жаңа тармақтарымен тығыз байланысты екендігін ескерсек, диссертанттың бұл қадамы өзектілігімен ерекшеленеді.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік	Иә. Диссертация тақырыбының бағытына сәйкес зерттеудегі ұсынылған теориялық қорытындылар, лингвомәдени модельдер мен тіл мен мәдениеттің өзара байланысы туралы тұжырымдар нақты тілдік деректерге сүйенген сапалы лингвистикалық талдаулар арқылы дәйектеліп, ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Зерттеуде лингвомәдениеттану мен этнолингвистика әдістері арқылы анықталған ұлттық-мәдени этикет нормалары, олардың семантикалық және прагматикалық типтері, сондай-

	зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок.	ак цифрлық кеңістіктегі сыпайылық формулаларының трансформациясы нақты мысалдармен жан-жақты сипатталады.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациядағы мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер беру арқылы расталған. Сілтемелердің камтылуы жеткілікті және олардың шынайылығы еш күмән тудырмайды. Нақтырақ айтқанда, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы туралы пайымдауларда лингвомәдениеттану мен этнолингвистика саласындағы беделді ғалымдардың еңбектеріне жүйелі түрде сілтеме жасаған. Бұл сілтемелер зерттеудің теориялық тұғынамасын берік негіздеуге қызмет еткен. Этикет формаларының лингвистикалық табиғатын сипаттауда әлемдік прагмалингвистика өкілдерінің теорияларына жүгінуі диссертацияда прагматикалық талдаудың әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүзеге асқанын көрсетеді. Сонымен қатар Қазақ және қытай тіліндегі салт-дәстүрлік, философиялық, діни, рәміздік бірліктердің семантикасын ұлттық руханиятты лингвомәдени аспектіде сипаттауда тарихи-философиялық деректерге негізделген дәлелдер арқылы негіздеген. Әлеуметтік желідегі этикет үлгілерін (мысалы, “点赞” (лайк басу), “比心” (жүрек белгісін кою) қарастыруда да автор қазіргі цифрлық дискурспен коммуникацияға қатысты ғылыми еңбектерге (соның ішінде қытай зерттеушілері еңбектеріне де) сүйеніп, жаңа феномендерді ғылыми негізбен сипаттайды.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациядағы пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті және Лингвомәдениеттану, этнолингвистика, прагмалингвистика, мәдениетаралық коммуникация сияқты заманауи бағыттарға қатысты отандық және шетелдік авторлардың еңбектері қамтылған. Қытай тіл білімі мен философиясы бойынша Конфуций, Лао-Цзы сияқты классиктер мен қазіргі заманғы қытай зерттеушілерінің еңбектерінен де нақты деректер келтірілген. Бұл — салыстырмалы аспектідегі ғылыми негіздемені толықтыра түседі. Жұмыста әдеп және этикет нормаларына қатысты діни, тарихи, философиялық, мәдени мәтіндер, сондай-ақ цифрлық дискурс пен әлеуметтік

			желідегі тілдік өзгерістерге қатысты зерттеулер қамтылған. Бұл – зерттеудің өзектілігі мен теориялық кендігін көрсетеді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ.	Иә. Диссертация теориялық маңызыға ие. Зерттеу нәтижелері жалпы тіл білімінің лингвомәдениеттану, этнолингвистика, прагмалингвистика және мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы сияқты салалары үшін өзекті әрі ғылыми маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Иә. Зерттеудің практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерін қолданудың мүмкіндігі де жоғары . Біріншіден, зерттеудегі қазақ және қытай тіліндегі сыпайылық формулалары, коммуникативтік стратегиялар мен әлеуметтік нормалар тіл үйрету курстарында (әсіресе шетел азаматтарына қазақ тілін, немесе қазақ аудиториясына қытай тілін үйретуде) мәдениетаралық ерекшеліктерді түсіндіру құралы ретінде қолданыла алады. Этикет сөздері мен мәдени нормаларды салыстыра отырып түсіндіру – тіл үйренушінің прагматикалық құзыреттілігін дамытуда маңызды. Екіншіден, этикет формулаларының ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс аудару және мәдени контексті жеткізу аударма теориясы мен практикасы үшін маңызды. Жұмыста келтірілген фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, рәміздер мен сөйлеу формулалары – аудармашыларға тілдік емес эквиваленттерді таңдау барысында бағдар болады. Үшіншіден, зерттеуде әлеуметтік желідегі тілдік этикет түрлері жаңа мәдени кодтар мен цифрлық дискурс элементтері ретінде қарастырылады, бұл қазіргі заманғы медиа-коммуникацияны зерттеу мен оқытуда қолдануға болады. Осымен байланысты ізденуші тарапынан ұсынлып отырған тұжырымдар мен шешімдер тек теориялық емес, білім беру, аударма, мәдениетаралық диалог, цифрлық лингвистика сияқты түрлі салаларда практикалық мәнге ие.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Ізденушінің практикалық ұсыныстары «толығымен жаңа». Атап айтқанда, қазақ және қытай тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлеу формулаларын салыстырмалы-мәдениетаралық аспектіде жүйелеп, тіл үйрету мен мәдениетаралық коммуникацияда қолдануға болатын құрал ретінде ұсынуы – жаңаша бағыт. Цифрлық дискурстағы этикет нормаларының қазақ мәдениетімен салыстырылып, прагматикалық талдануы – қазіргі лингвистикада сирек кездесетін, жаңа практикалық қадам. Практикалық ұсыныстар заманауи прагматиканы, мультимәдени және мультитілді кеңістікті ескеріп құрылған, бұл да оларды жаңашыл етеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;	Ізденушінің академиялық жазу сапасы «жоғары» деп бағалауға болады. Білім бағдарламасының бағытына сәйкес ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарды толық қанағаттандырады, сілтемелер мен дәйексөздер дұрыс рәсімделген, диссертацияның техникалық ресімделуі талаптарға сәйкес келеді.

		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер	Зерттеудің өзектілігіне, құндылығына және біртұтастығына нұқсан келтірмейтін, дегенмен диссертанттың алдағы ізденістері үшін пайдалы болады деген үмітпен ұсыныс түріндегі ескертулерді атап өтеміз. 1) диссертацияда өте мол эмпирикалық материалдар, 300-ге жуық этикет бірлігі қарастырылған. тілдік фактілер әсіресе этикет бірліктерінің прагматикалық типі немесе мәдени мазмұны бойынша анығырақ топтастырылғанда, зерттеуде алғаш рет ұсынылған «этикет бірлігі», «тілдік апелляция», «мәдени код», «дүниенің тілдік бейнесі» сияқты маңызды ұғымдардың мазмұны ашыла түскен болар еді. Диссертациядағы ізденушінің тұжырымдары мен талдаулары зерттеудің қорытындыларымен сабақтасады. Зерттеу біртұтас ғылыми ізденіс деп саналады.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша жарық көрген мақалалар мен оқу құралдары диссертация тақырыбының шынайылығын қамтамасыз етеді. Олардың ғылыми деңгейі зерттеудің мақсатын айқындайды және зерттеу міндеттеріне қолжеткізудің шынайылығын көрсетеді. Докторант тақырыпқа сәйкес ізденіс нәтижелерін Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан ұсынылған журналдарда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, шетелдік ғылыми басылымдарда, жалпы 9 мақала түрінде жариялаған.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 5.12 тармағына сәйкес)	8D02209 – Шығыстану білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған Ибраимова Анар Ратаевнаның «Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін беруге қоятын талаптарына толық сәйкес келетін, ғылыми жаңалығы бар, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, прагмалингвистика және мәдениетаралық коммуникация теориясы аясында тың бағыттар ұсынған, аталған бағыттардың әрі қарайғы дамуына елеулі үлес қосатын, ұсынылған қорытындылары теориялық және практикалық маңызға ие зерттеу. Осы аталғандардың негізінде Ибраимова Анар Ратаевна 8D02209 – Шығыстану білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға әбден лайық деп бағаланады.	

Ресми рецензент:

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор

2025 жылғы 10-ыншы маусым.



А. Алдаш

(аты-жөні)		
қолын куәландырамын		
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМҚК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі		
« 10 »	06	2025 ж.